

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ

ҒТАМР 17.01.09

А.Садықова

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

S.Sisenaliev@asu.edu.kz

КЕМЕЛ ОЙДЫҢ КЕМЕҢГЕРІ

Андатпа

Мақалада әдебиеттің әр жанрында өз өрнегін, өз ізін салған жазушы шығармаларының маңыздылығы, бүгінгі күні әлем жұртшылығына танымал болып отырған жазушылық шеберлігі айтылады. Сан қырлы қасиеттерді бойына дарытқан даралық қолтаңбасы, кемеңгер тұлғаның кең тынысты толғанысы оны кемел елдің кемеңгеріне айналдырды.

Негізгі сөздер: Кемеңгер, кемел ой, тарихи тұлға, сапарнамалық, философиялық еңбектер, тарихи астар, даралық қолтаңба.

Мемлекет және қоғам қайраткері, қаламгер, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Әбіш Кекілбаев алғаш жазушылық жолын өлеңдер, мақалалар, әңгімелер жазудан бастаса, прозалық шығармалары оның творчестволық қабілетін, эпик жазушыға тән байсалды баяндау тәсілін, философиялық ой – қиялын ойлау ұтқырлығын, тілдің шұрайын келтіретін суреткерлік шеберлігін танытты. Оның шығармалары тәжімаланып әлемнің әдебиет сүйер қауымын таң қалдырды. Олар жазушы шығармалары арқылы жаңа рухани байлық, шалқар ойлар мен керемет суреттеулер тапты. Неміс кітап баспасының «Жиырмасыншы ғасырдың ең көрнекті жазушысы» атты кітапқа енгізуі де Әбіш Кекілбаевтың қаламгерлік қабілетінің (қаншалықты) мықтылығын танытқан еді. Оның шығармаларындағы ұлттық, болмыс мәдениет пен сөз мәнері мен әдебиетіміз, дініміз бен тіліміз, тұрмыс-салт пен тарихи ұлттық дәстүрлеріміз, халқымыздың болашағы тарих қайнауындағы тұнық сырға толы еді. Қаламгер қай тақырыпта болмасын оқиғалар жиелісін жан-жақты талқылап, байыппен зерделеп, оқырманына жеткізе білді. Шығармаларындағы негізгі тақырыптар легі: егемендік, қаһармандық, шынайылық, діни таным мен түсінік, мәдениет, бәсекелестік пен әлемдік деңгей, әлеуметтік тұрмыс, елдің даму жағдайы, ел тарихы, халқымыздың тарихы мен менталитеті. Елдің рухани тұтастығын, болмысын бүкіл әлемге

танытуды көздеді: «Тарихи мұрағаттарға қамқорлық жасау – тек өткенге құрмет емес, ол ең алдымен болашақтың қамын ойлап, мүддесін айқындау» - деген ұстаныммен ол тарихи-мәдени ескерткіштер мен мұраларды зерделеу мен қорғауды қолдады. «Мұра – ол тек жәдігер мен тарихи ескерткіштердің жиынтығы емес, ол адамдардың дәйім күрделі, дәйім белсенді іс-әрекеттерінің жиынтығы мен жемісі, нәтижесі, жеңісі мен тағлымды тағдыры». [1,45]

Көптің көкейінде жүріп, өзегін өртеген тіл мәселесінде де үлкен мінбелерден қазақ тілінің мәртебесін көтеру, мемлекет тіл ретінде мойындау, осы мәселелердің дұрыс шешілуінде де атсалысты, өз күш – жігерін аямады.

Елбасы Әбіш Кекілбаевқа «Бейбітшілік пен татулық» сыйлығын табыстаған сәтте: «Оның еңбектегі ізденіс мен ақыл-парасатының арқасында көркем сөзбен бейнелі, астарлы терең толғаныстарымен мемлекеттік қызметте де өз үлесін тигізді» - деп бағасын берген болатын.

Кезінде Ә.Кекілбаев шығармаларына арқау болған мәселелер қазіргі күні ұлттық құндылығымызға айналып отыр. Тарихи тақырыптағы тарихи тұлғаларды бейнелеуде кейіпкерінің моральдық бейнесін жасауға, ел аузындағы аңыз-шежілерден бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерін көтеруге басты көңіл бөлді. Көркем тілінің қуаты мен қасиеті сонда ол ежелгі аңыздар мен әңгімелерді бүгінгі күннің елегінен өткізіп, тарихи-философиялық тұрғыдан екшей алуында. Жазушының тарихи еңбектерін зерттеуші ғалым Ж.Дүйсенбаева қаламгердің тарих тұлға жасау шеберлігін былайша пайымдайды:

- тарихи деректен ауытқымай тарихи тұлға бейнесін (образын) жасауы;
- тарихи деректер мен халықтық аңызды қосып, бір тұлға жасау;
- таза аңыздан тұратын тарихи тұлғаның бейнесін сомдау;
- тарихи деректі көркем қолдану арқылы тарихи тұлғаны жасау. [2]

Жазушының «Үркер», «Елең-алаң» шығармалары тұтас бір кезеңнің саяси мәдениетін, еліміздің тыныштығын қозғаса, «Аңыздың ақыры» романында өткен кезеңіміз өте шебер суреттелген. Әбіш Кекілбаев шығармаларының қай-қайсысының да мән-мағынасы мен жүйесі толық сақталып, астарлы ой елегі мен философиясы кейіпкер әрекетіне қарай өзгереді.

Мұндай шығармалар оқырманның түсініп қана қоймай, оқиғаны ой елегінен өткізіп, саралап, сараптауына жол ашады [3]. Қаламгер, қайраткердің «Ең бақытты күн», «Тасбақаның шөбі» сияқты әңгімелер жинағы мен «Күй», «Шыңырау», «Ханша-дария хикаясы» повестері, «Аңыздың ақыры», «Елең-алаң», «Үркер», әсіресе, тәуелсіздік жылдарында жазылған публицистикалық шығармалары мен «Абылай хан» драмасы қаламгердің ой-жүйріктігі мен тарихи танымын танытты.

Өз елінің, қоғамның даму жолын саралап, халық тағдырына жанашырлықпен қарап, елдің азаттығы жолында, ұлттық мүдде мен ұлттық сананың өрбуіне өз үлесін қосқан бірден-бір терең таным, биік парасат иесі болды.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елге түсініксіздеу болған саяси оқиғалар да жазушы қаламынан сырт қалмады. «Ешкімнің пешенесіне құлдық жазылып қойылмаған. Теңдік жазылған. Теңдікке жете алу, жете алмау жалпыға ортақ тарих пен жалқыға ортақ тағдырға тәуелді нәрсе. Өзгелердей бола білуге тырысқан халық та жерде қалмайды. ...Өйткені халықтың тағдыры егемендік пен бейбітшілікке тәуелді. Сондықтан ең әуелі бейбітшілікті ойлайық. Қандай қиын болса да ел ішінде кеңесіп, шешу мақсат. Болмашы өкпе-назға беріліп, өткен – кеткенге наразылық білдіргеннен пайда жоқ. Ол елді алға емес, артқа сүйренді» - деген сөздерінде қаншама парасат-пайым жатырғанын бәрімізде ұғынып, түсінуіміз керек, әсіресе, бүгінгі ұрпақ-болашақ ел иелері жастардың жадында сақталуы тиіс сарабдал пікір [4].

Жазушы еңбектері халқының санасына сілкініс берді, өйткені қалам сардарының міндеті халқының қорғаны болу еді... Оның еліне, халқына жасаған еңбектері, терең мағыналы тарих тұңғығынан нәр алған шығармалары осы үрдеден шықты. Ел болып ұйысып, халық болып қалануды міндеттеген шығармалары өмірдің әр саласына қосқан үлесі, дамудың даңғыл жолын салған бағдаршамы болды.

Жазушы шығармаларын әр қырынан таразылап, талдаған сөз зергері Т.Медетбек: «Әбіш Кекілбаевтың қай шығармасының болмасын тереңінде астарлы ой мен сол астарлы құпттан танылып, таралады» - деген еді.

Ә.Кекілбаев еңбектерінде тәуелсіздік алған тұстар мен елдегі реформалау кезеңдері оның олқы тұстары мен жетістіктері жазылды [5]. Қаламгердің кемел ой, келісті көркемдікпен жазылған публицистикалық шығармалары халқымыздың көкіреген оятып, халық арасында болып жатқан күрмеуі қиын мәселелерге үн қосты. Жазушы жастардың білімі мен білігінің арқасында кемел болашақтың есігі айқара ашық екенін үнемі айтып отырды. Оның публицистикасы бүгінгі заман бейнесін танытты. Ел болып ұйысып, халық болып қолдануды міндеттеген шығармалары, өмірдің әр саласына қосқан үлесі, дамудың даңғыл жолын салған, бірігу мен бірліктің негізін қалыптастырған публицистикалық туындылары болашақта да құндылығын жоймақ емес.

Суреткерлік пен саясаткерлікті қатар ұстаған тұлға қоғамның қай саласында жүрсе де қолынан қаламын тастамады, екі қызметті де аброймен атқарды. Ойшыл философ өзінің зор шығармашылық болмысы арқылы халқымыздың әлеуметтік, рухани дүниесіне, мәдени өміріне терең араласқан қайраткер. Оның ұлт алдында да, ұрпақ алдында атқарған игілікті ісі де, артында қалдырған ұлы мұрасы да тарих бетінде алтын әріппен жазылып қала бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кекілбаев Ә. Заманмен сұхбат. Алматы: «Жазушы» 1996 ж.
2. Дүйсенбаева Ж. Кекілбаев Ә. шығармасындағы тарихи толғам. Алматы, 2007 39 б

3. Дүйсенбаева Ж. Ә.Кекілбаев ирозасы: халық аңыздары мен көркемдік шешім. Алматы, 1999 ж. 98 б
4. Кекілбаев Ә. Толғауы тоқсан тарих. Алматы. «Өлке» 1999 г
5. Кекілбаев. Ә. Азаттықтың ақ таңы. Алматы. Қазақстан, 1998 8 б

Аннотация

В статье раскрывается сущность произведений писателя, которые он раскрыл в каждом жанре литературы и его навыки письма, которые широко известны сегодня в мире. Стиль писателя, многогранность творчества и художественные идеи сделали его выдающейся личностью своего народа.

Ключевые слова: Несовершенный, совершенный ум, историческая личность, путешествия, философская работа, историческая справка, личный автограф.

Abstract

The article reveals the essence of the writer's works, which he revealed in each genre of literature and his writing skills, which are widely known in the world today. The style of the writer, versatility of creativity and artistic ideas made him an outstanding personality of his people.

Key words: Imperfect, perfect mind, historical personality, traveling, philosophical work, historical background, personal autograph.

FTAMP 52.47.29

Қ.С.Мұхитов

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушысы
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

ocean_5@mail.ru

МҰНАЙ ҚҰБЫРЫНЫҢ САЛЫНУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Ембіде салынған тұңғыш мұнай құбыры туралы айтылады. Еліміздегі мұнай тасымалдау ісі осы Доссор-Ракуша мұнай құбырының салынуымен басталған болатын. Сонымен қоса, мақалада қанша мұнай өнімі осы құбыр арқылы тасымалданғаны сөз болады.

Негізгі сөздер: Баку, Батуми, Каспий теңізі, Қара теңіз, мұнай құбыры, керосин.

Мұнайды құбыр арқылы айдау алғаш рет АҚШ-а қолданылған екен. XIX ғасырдың ортасына таман Калифорния штатында мұнай өндіріле бастайды.